

● КПСС Орталық Комитетінің Пленумы қарсаңында:
ұлттаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейік

ДОСТЫҚ ҮЙІ

СССР халықтары әдебиетінің кітапханасы ашылғанына бір жылдан асты. Осы мерзімде біршама іс тындырылды. Кітапхана оқырмандарының қатары көбейіп, қазір ол екі мыңға жуық адамға жетіп отыр. Кітапхана қоры да бірте-бірте толығып, қазір онда 26 мыңнан астам кітап бар. Кітап қорын толықтыруға оқырмандардың өздері де көмек көрсетуде. Мысалға, неміс ақыны Роза Пфлюг кітапханаға неміс тіліндегі жүз кітапты сыйға тартты.

Көп ұлтты совет әдебиетіне оқырмандар ынтасын арттыруда мерзімді баспасөз және ең алдымен әрбір республикада шығатын әдеби-көркем журналдар басты роль атқарады. Бүгінде кітапхана мерзімді басылымның 84 түрін алады. Оқырмандар әртүрлі ұлт жазушыларының творчествосымен танысады.

Әдебиетпен, еліміз халықтарының өмірімен терең танысуда одақтас республикалар жазушыларымен кездесулер үлкен әсер қалдырады.

Татар АССР-і әдебиеті мен

өнерінің Павлодар облысында өткізілген күндерінде кітапханада Татарстанның танымал ақыны Махмұт Хусаинмен оқырмандардың кездесуі ұйымдастырылды. Олар М. Хусаинның өзінің творчестволық жолы жөніндегі әңгімесін қызыға тыңдады. Кештің соңында В. У. Чумарова М. Хусаинның өлеңдерін татар тілінде оқып берді.

Ақынмен әңгімелесуге оқырмандарды әзірлеу мақсатында кітапхана қызметкерлері оларды Татар АССР-інің әдебиетімен, тарихымен, экономикасымен, мәдениетімен, тұрғындар санымен, олардың ұлттық құрамымен таныстырды.

Көркем әдебиеттің оқырмандарға интернационалдық тәрбие берудегі ролі де қолмақты. Кітапханада М. Мағауиннің «Бір әкенің балалары» деген шығармасы бойынша оқырмандар конференциясы ұйымдастырылды. Онда соғыс жылдарында алыстағы ауыл тұрғындарының балалар үйіндегі әртүрлі ұлттың алты баласын бауырла-

рына басқандары әңгіме болады. Жазушы оны өткір, шыншыл суреттеген. Повесть ешкімді де немқұрайды қалдыра алмады.

Жауынгер - интернационалистер оқырмандардың ерекше тобын құрайды. Олар «Ориентир» клубының қонағы болды. Жауынгерлер Ауғанстандағы әскери қызмет, дос көңілді ауған халқы жөнінде әңгімеледі. Бұл кездесу қонақтар мен клуб иелерінің есінде ұзаққа сақталып қалды. Кеште Ауғанстан жөнінде, солдат достығы, абырой мен міндет жөнінде, ауған халқына достық көмек жөнінде өлеңдер оқылып, әндер орындалды.

Кітапхана жұмысында өлкенің әдебиетті, Ертістің Павлодар өңірінің ақын-жазушыларының өмірі мен творчествосы жөніндегі әдебиетгерді насихаттау ерекше орын алады.

Қандай болмасын істегідей кітапхана қызметкерлері де оқырмандарға қызмет көрсетуде қиындықтар мен проблемаларға кездесіп отыр. Со-

ның ішінде оқырмандарды тікелей түп нұсқадан оқытуға үйрету қиындық келтіруде. Сондай-ақ армян, азербайжан, грузин, татар тілдеріндегі әдебиеттердің тапшылығы да жұмыста қол байлау болуда.

Болашақтағы жоспарымыз бойынша «Прометей» интернационалдық клубын ұйымдастыру ойымызда бар. Онда ынтымақ жәрменкелері, одақтас республикалар фестивальдарын және басқа да көптеген шараларды ұйымдастырмақпыз.

СССР халықтары әдебиеті кітапханасының жұмысы қалалық партия және қоғамдық ұйымдарының назарында тұрақты ұсталып келеді. Кітапхана қызметкерлері деген кітапхана қабырғасында ғана қалмай, жатақханаларға шығып жастармен жұмыс жүргізіп келеді. Көпшілік «Халықтар достығы» кітапханасы атап отырған кітапхананың беделі күн сайын артып келеді.

Н. БОНДАРЕНКО,
Н. Островский атындағы облыстық ғылыми кітапхана бірлестігінің аға методисі.